


Қазығұрт ауданы
«Аққу» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
б/бақша меңгерушісі
Г.Т.Ибраимова



Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: «Қош келдің, жаңа жыл!»



Ортаңғы **«Жұлдызша»**тобы

Тәрбиешілер: Абдираимова А.
Тойшыбекова А.

28.12.2021ж

Қош келдің Жаңа Жыл !

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру. Образдық бейнелерді сомдай білуге

үйрету, хормен және жеке ән айту шеберліктерін арттыру. Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтай орындауға төселдіру.

жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, балабақша қызметкерлері және бүлдіршіндер!

Уа, халайық, халайық!

Жылды қарсы алайық,

Келіңдер бәріміз бірге,

Би билеп, ән салайық,

Қуанайық, тойлайық,

Қызығына тоймайық.

Жаңа Жылда бәріміз,

Жақсы тілек айтайық

Жаңа жыл мерекелеріңіз құтты болсын!

Ал енді **«Жұлдызша»** тобын қарсы алайық

Би : «Флешмоб»

Ән: Шырша жыры

Тақпақтар:

Қуаныш: Қалып едік сағынып
Күтіп алдық жаабылып
Жолын қойдық жарық қып
Шыршаларға шам іліп .

Інжу: Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз.
Ән шырқайық баршамыз

Аян: Тамаша. тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Раяна: Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға

Жақсылық: Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа-жыл
Ата-әже, әке - шеше
Құтты болсын Жаңа жыл

Адия: Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ боп үстіміз
Ақ қырау жабысты.

Жүргізуші: Ия, Жаңа Жыл керемет мереке. Балалар, бізге өзінің құттықтау әнімен ортаға Фея келіп тұр екен, бәріміз Феяны қарсы алыңыздар!

Музыка қосылады. Бірақ фея: әнді айтпайды.

Фея: Саламатсыңдарма балалар, Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын. Мен ән сала алмаймын. Орталарыңда не Аяз ата, не Ақша қар жоқ. Қалай болғаны? Жаңа жыл деген өзіндік ерекшелігімен болу керек қой.

Аяз ата мен Ақша қар келмей, мен ән айта алмаймын.

Жүргізуші: Ойбуууу, ұят болды ғой! Біз шынымен осы Жаңа жылдың иесін ұмытып кетіппіз ғой. Балалар, ендеше бәріміз бір ауыздан Аяз ата мен Ақша қарды шақырып алайық. Қалай қарайсыздар?! Аяз атаны ортаға шақырайық.

Балалар хормен: Аяз ата! Аяз ата! Аяз ата
(Сол кезде қоян секіріп келеді.)

Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар. әрең дегенде Қасқыр мен түлкіден қашып құтылдым. Сендермен жана жылды тойлайыншы.

Балалар: Жарайды бізбен бірге тойла!

Қоян: Балалар, мен қасқыр мен түлкіден жасырына тұрайыншы!
(шыршаның түбіне жасырынады).

Қасқыр мен түлкі: (әндегіп кіреді).

Түлкі:

Орманда жүремін,
Алдауды білемін.
Айламды асырып
Күнімді көремін.

Қасқыр:

Тыста боран,
Аяз қыста түсуде.

Әзер жеттік,
Аз- ақ қалдық үсуге.

Түлкі: Ойбөй,біз қайда кіріп кеттік.

Қасқыр: Біз далада тоңып жүрсек, мұнда балалар тойлап жүр ғой.
Мұнда не болып жатыр ?

Жүргізуші: Төрге шығыңыздар. Жақсы келдіңіздер.

Түлкі: Балалар, сендер қоянды көрдіңдер ме?

Балалар: Жоқ, біз көрген жоқпыз.

Фея: Түлкі бикеш, сіз орман жолын жақсы білесіз ғой. Аяз ата жол таба алмай адасып кете ме деп қорқып отыр едік ертіп келсеңіз қайтеді?

Түлкі: Қартайдым ғой шырағым,
Естимейді құлағым. (Құлағын тосады)

Фея: (айқайлап) Аяз атаны...

Түлкі: Айқайлама, қарағым,
Айтпай-ақ қой ар жағын. (Құлағын сипалап)

Азақ қалдың жаруға
Құлағымның жарғағын.

Фея: Қасқыр мырза, Аяз атаны қарсы алуға сіз барып келсеңіз...

Қасқыр: (Бір демде ауыра қалады)

Аурумын, аяғым,
Сырқырайды аяғым.
Жүре алмаймын, болмаса,
Міне бір таяғым.

Түлкі: Қасқыр досым, жүр былай,
Аяғыңды емдеймін.

Қасқыр: Қой, мен саған сенбеймін.

Түлкі: Не дейсің? (Құлағын тосып)

Қасқыр: Сенбеймін деймін, сенбеймін. (Құлағына айқайлап)
(Екеуі бір-біріне сүйеніп шығып кетеді).

(Боран соғып тұрған дауыс естіледі де есік қағылады.)

Жүргізуші:

Сыртта боран есірді,
Аяз ата кешікті.
Тыңдаңдаршы, біреулер
Қағып тұр ма есікті?

Жүргізуші:

Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

Би: «Ұлпақарлар» биі. Қыздардың орындауында

Ән: Ақшақар

Аңсар:

Жапалақтап ақша қар
Жауды күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап

Адия: Аралайды бақшаны

Үзілмей жақсы әні
Гүлденеді бақшалар
Жауса жаусын Ақшақар!

Аслан: Жаңа жылды қарсы алдың
Мініп алып кемеге
Менде бүгін ән салдым
Араластым биге де .

Е.Айзере: Наша елка хороша

Вся сияет от огня
Шарики, хлопушки
Красивые игрушки.

Хансұлтан: Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды
Мұз болады катады
Жып жылтыр боп жатады

Айқын: Оралдың өлкеме

Жаңа жыл армысын
Оранды ақ көрпе
Асқар тау қарлы шын

Аяз ата: Жарайсындар, өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, әнді де, тақпақты да жақсы айтады.

Ал енді балаларымыздың орындауында орысша ән

Инжу:

Дед мороз хороший
Хлопает в ладоши,
В валенках шагает,
Елку зажигает.

Мадина:

Добрый дедушка мороз
Он подарки нам принес
Снег идет, снег идет
Наступает Новый год.

Би: "Часики "қыздар би

Аяз ата : Балалар , Ақшақар маған ренжіп жатыр .Маған арнап
балалар тақпақ айтпады деп .

Е Айзере :

Жапалақтап Ақшақар
Жауды күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаналарын арқалап .

Айша:

Алғашқы ақшақар
Бетінде із қалды
Жүйткіді ақ шанам
Алға ұстап ызғарды.

А Айзере :

Ақшақар , ақшақар
Аппақ болып қонасын
Тоса қалсам қолымды
Алақаныма тонасың.

Аяз ата: Ал, қарақтарым! Менің сағатым соғып жатыр. Мені күтіп
отырған қаншама ел мен жер бар. Сонда барайын. Сендерге көп
рақмет! Өнерлерің өрге жүзсін. Биік шыңдардан көрініңдер! Мынау
өздеріңе сыйлық салып алып келген сандықтың кілті. Сыйлықты
сендерге табыстап тұруға менің уақытым тығыз болағандықтан
осы кілтті сендердің тәрбиеші апайларыңа табыстап
кетейін.Өзіммен бірге ескі жылды да ала кетейін.Жаңа Жыл сендерге
табыс әкелсін!